

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»МКҚК

**№3 «Аққу» ортаңғы тобының
2024-2025 оқу жылдарының
корытынды есебі**

Тәрбиешілер: Искакова Р.Ж

Утегенова Л.У

2024-2025 оку жылында №3 «Аққу» ортаңғы тобында 24 тәрбиеленуші болды.

Жаңа оку жылынан бастап Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары,

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы",

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сүйене отырып перспективалық жоспар, Үлгілік оку бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалып, құрылып,

Циклограмманың үйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі үйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешының туру, музика, қазақ тілі үйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылып, басқа үйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылып, іске асырылады.

Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылды.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

-әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бағыты бойынша балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталау, сөйлеуді менгерту үшін тақпактар айтқызу, суреттер көмегімен үй жануарлары, сүт өнімдері туралы білімдерін шындау мақсаты бойынша кітап сөресі балалардың жас ерекшелігіне сай жасақталып, суреттер, көрнекіліктер жаңартылды.

Балаларды қазақ халқының қонақжайлышық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауга, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу жұмыстары бойынша әжелер мен ата-аналар отырыстары жүргізді.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

заттарды суреттер арқылы зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін танып білу, есте сактауды, киялдауды, сөйлеуді, колдың ұсақ моторикасын дамыту; танымдық қызығушылықты дамыту, құрастыру, сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жынын туралы қаралайым түсініктерін қалыптастыру; сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету; эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту; тірі және өлі табигат объектілеріне ұқыпты қарауга тәрбиелеу мақсатында түрлі ойыншықтармен сөрелер жабдықталды.

Балалардың шығармашылық дагдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, үлттық мәдениетке баулу
арқылы патриотизмге тәрбиелеу, олардың озіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін
турлі жұмыстар жүргізіліп балалардың қызығушылықтары арттырылды.

Әлеуметтік-эмоционалды дагдыларды қалыптастыру

отансүйгіштік сезімдерін, сліміздің жетістігіне мақтандырылған сезімін тәрбиелеу;
құрдастарымен сыйайы қарым-қатынас жасауга баулу;
тұган өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу
тірі және өлі табиғат туралы білімдерін көңейту;

танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру;

табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; коршаган
ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау жөнінде слайд, видеоролик, іс-шаралар
өткізілді.

Оку жылында жоспар бойынша ата-аналар жиналышы өткізіліп, «*Балабақша -
жайлы мекен*» тақырыбында баяндама оқылып, «Ата-анамен бала арасындағы
қарым-қатынас» түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Күн тәртібі бойынша ата-аналар
тарапынан балалардың тазалық, гигиеналық шаралары нақты орындалуы
қадағаланып, айтылды.

Қыркүйек айында:

“1 қыркүйек-Білім күні”

“Ана тілім -ардақтым” атты тақырыптық сабактар жүргізіліп,

“Кітаппен жарқын әлемге” атты балалар акциясы өтті.

“Ұлттық ойын-ұлт қазынасы”

“Жолын болсын жолаушы”(Қауіпсіздік ережелері) секілді тақырыптарда
түсіндірмелі сабактар өтті.

Қазан айында:

“Қазақстан-Республикам менің” атты мерекелік шара өтті.

“Күзгі асар” атты ата-аналармен қөрме үйымдастырылды.

Қараша айында:

“Алтын күз” атты ертеңгілік өткізілді.”Әкешім асқар тауым”, “Ұлттық ойын-ұлт
казынасы”, “Әке жолы ізгі жол”, “Өнегелі әке”, “Әке асқар тау, бала жапырақ”,
“Атам менің қазынам”, “Асыл әжем” секілді тақырыптарда ата-аналармен
үйымдастырылған апталық орын алды.

Желтоқсан айында :

“Мен елімнің патриотымын”атты тақырыптық сағат өткізіліп,

“Шырша ойыншықтары” атты ата-аналармен акция үйымдастырылды.

“Жана жыл жақсылығымен келсін” тақырыбында ертеңгілік өткізілді.

Қантар айында:

“Қыста, құстарды тамақтандырайық” ата-аналар жасаған жемсауытты балалар
талға орналастырып, құстарға қамқорлықтарын көрсетті.

«Мен тоқыған текемет» атты қалдық баклашка крышкалары жиналды,

Біртұтас бағдарлама аясында балаларды күймсі қабылдау”(ктоар код) балаларды қабылдау кезеңі ұйымдастырылды.

«Қыс қызығы» атты сырттай сурет байқауына қатысып I,II ,III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Ақпан айында:

“Ханталапай”, “Сақина салу”, “Ақ сүйек” ұлттық ойындар балалар мен ата-аналар арасында ұйымдастырылып, ата-аналарга арналған Ашық есік күні өткізілді. Қалдық материалдан бала мен ана арасындағы жұмыстар жүргізілді.

Наурыз айында:

«Ізгіліктің бір ізі-алғыс» тақырыбында алғыс айту күніне орай жүрекше костюмін киіп, музика әуенімен көтеріңкі көңіл күй сыйлас балаларды балабақшаға қабылдау жұмыстары жүргізілді.

8-наурыз аналар мерекесіне орай тобымызда ертеңгілік өткізілді.

-Наурыз мерекесіне орай « Наурыз, той - думан » ертеңгілігіне топтың әжесі, атасы, әкесі анасы мен ата-аналары қатысып қазақ халқымыздың салт-дәстүрін нақыштап, балалар концерттік кеш ұйымдастырып, атамыз батасын беріп кетті. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жоспарға сәйкес құрылған “Ананың еңбегі -елге үлгі, үрпаққа өнеге” аналар мектебі тобымызға керекті безендіру жұмыстарын жүргізді.

Балабақшаішлік жоспарға сәйкес “Ұлттық құндылықтарымыз ою-өрнек” тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізілді.

Сәуір айында:

Ғарышкерлер күніне орай түсіндірмелі сабак өткізілді.

“Әжемнің ғажайып ертегілері” ата- аналар мектебінің жоспарына сәйкес аналармен бірге балаларымызға «Дос іздеген бота» атты ертегілер қойылды. “Кітап -біздің досымыз” тақырыбында тобымыздың ата-аналарымен балалар кітапханаға саяхат жасады.

Мамыр айында:

“Достық кілті бірлікте” тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылып, «Батыл сарбаздар» атты түсіндірмелі сабак өткізілді.

«Әжемнің ертегісі» тақырыбында вариативті компоненті жоспарланып жылына - 36 сағатты құрады. Қазақ халық ертегілерін пайдалану арқылы балаларды оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулыдық.